

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы N 220 және 2009 жылғы 21 сәуірдегі N 565 қаулыларына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 21 тамыздағы N 1224 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.04.2015 № 325 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2) "Техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу мен сараптама жүргізуді қаржыландыру, концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2009 жылға арналған бөлінетін 004 "Республикалық бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың, мастер-жоспарлардың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу және оның сараптамасы, концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу" бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 21 сәуірдегі N 565 қаулысында :

тақырыбы мен 1-тармақтағы "жүргізуді" деген сөзден кейін ", мастер-жоспарлардың" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу мен сараптама жүргізуді қаржыландыру, концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2009 жылға арналған бөлінетін 004 "Республикалық бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың, мастер-жоспарлардың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу және оның сараптамасы, концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу" бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 25.04.2015 № 325 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2009 жылғы 21 тамыздағы
N 1224 қаулысына
Қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2009 жылғы 21 сәуірдегі
N 565 қаулысымен
бекітілген

Техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу мен сараптама жүргізуді қаржыландыру, мастер-жоспарларды, концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2009 жылға арналған бөлінетін 004 "Республикалық бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың, мастер-жоспарлардың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу және оның сараптамасы, концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу" бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың тізбесі

R/ с N	Жобаның атауы	Республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуді және оларға мемлекеттік сараптама жүргізуді қаржыландыру көлемі (мың теңге)	Концессиялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуді және оларға мемлекеттік сараптама жүргізуді қаржыландыру көлемі (мың теңге)	Концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеуді қаржыландыру көлемі (мың теңге)	Мастер-жоспарларды қаржыландыру көлемі (мың теңге)
1	2	3	4	5	6
Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі					
1	Қазақстан Республикасында Бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызмет (БКДҚ) құру	22 000			
Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы					
2	Республикалық ұлан бригадасының әскери қалашығын салу	37 700			
Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі					
	"Өзбекстан Республикасының шекарасы (Ташкентке) - Қырғыз Республикасының				

3	шекарасына кіреберістерімен Көкпек, Көктал, Благовещенка арқылы Шымкент - Тараз - Алматы - Қорғас" автомобиль жолының "Ташкент - Шымкент - Жамбыл облысының шекарасы" учаскесін қайта жаңарту		30 000		
4	Зияткерлік көлік жүйесін (ЗКЖ) енгізу және Көкшетау қаласы арқылы Астана - Петропавл автомобиль жолының "Астана - Щучинск" учаскесін пайдалану		60 000		
5	"Алматы - Өскемен" автомобиль жолының "Алматы - Қапшағай" учаскесін салу (қайта жаңарту) және пайдалану			32 050	
6	"Р е с е й Федерациясының шекарасы (Екатеринбургке) - Қостанай, Астана, Қарағанды қалалары арқылы Алматы" автомобиль жолының "Астана - Қарағанды" учаскесін қайта жаңарту және пайдалану			48 342	
7	"Үлкен Алматы айналма автомобиль жолы" (ҰАААЖ) автомобиль жолын салу және пайдалану			69 212	
	"Өзбекстан Республикасының шекарасы (Ташкентке) - Қырғыз Республикасының шекарасына кіреберістерімен Көкпек, Көктал,				

8	Благовещенка арқылы Шымкент -Т араз - Қорғас" автомобиль жолының "Алматы - Қорғас" учаскесін қайта жаңарту және пайдалану			72 938	
9	К ө л і к инфрақұрылымы салаларын дамытудың неғұрлым перспективалы бағыттары бойынша с а л а л ы қ мастер-жоспарлар әзірлеу				210 000
Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі					
10	Өнеркәсіп және машина жасау салаларын дамытудың неғұрлым перспективалы бағыттары бойынша с а л а л ы қ мастер-жоспарлар әзірлеу				469 112
Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі					
11	Туристік индустрияның неғұрлым перспективалы бағыттары бойынша с а л а л ы қ мастер-жоспар әзірлеу				22 598
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі					
12	Агроөнеркәсіптік кешен мен ауыл шаруашылығын қайта өңдеу салаларын дамытудың неғұрлым перспективалы бағыттары бойынша с а л а л ы қ мастер-жоспарлар әзірлеу				201 526
Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі					

13	Телекоммуникация инфрақұрылымы салаларын дамытудың неғұрлым перспективалы бағыттары бойынша салалық мастер-жоспар әзірлеу				58 600
	Жиыны:	59 700	90 000	222 542	961 836

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК